

Отбасы тәрбие бастауы

Отбасы – адам үшін ең жақын әлеуметтік орта. Отбасы белгілі дәстүрлердің, жағымды өнегелердің мұралар мен салт-дәстүрлердің сақтаушысы. Отбасында бала алғаш рет өмірмен, қоршаған ортамен танысып, мінез-құлық нормаларын игереді.

Отбасы баланың азамат болып өсуінің негізі болып табылады. Отбасының басты қызметі баланы тәрбиелеу. Отбасы тәрбиесі – бұл жалпы тәрбиенің ең басты бөлігі. «Б.Алтынсарин атындағы орта мектеп - мектеп жанындағы интернатымен және Қызылқазақ бастауыш мектебімен» КММ-нің тәрбиеленушілерімен және ата-аналарымен бірге жұмыстар жүргізілді. Интернат тәрбиеленушілерін оқыту, бала тәрбиесінде олардың психологиялық-педагогикалық құзыреттіліктерін және жауапкершіліктерін арттыру мақсатында 2-4 сыныптың оқушыларымен «Бала бақыты отбасы» сурет байқауы, «Ата-анамен бала махаббаты» әңгіме және ата-аналармен «Отбасы , неке, қыз баланың отбасындағы тәрбиесі» атты қашықтықтан жиналыс өткізілді. Жиналысқа ата-аналар қатысып өз пікірлерін білдірді. Яғни, «Отбасының жемісі тәрбиелі ұл мен қыз» деген, сондықтан мақтан етер ұрпағымыз көп болсын.

«Б.Алтынсарин атындағы орта мектеп-мектеп жанындағы интернат және Қызылқазақ бастауыш мектебі»КММ-нің интернат тәрбиешісі: Нурдаулет Жансая